



АЙМАҚ БАСШЫСЫ ШВЕЙЦАРИЯДА КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУДЕ

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация Швейцариядағы жұмыс сапары аясында бірқатар маңызды кездесулер өткізді. Аймақ басшысы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Еуропа бойынша экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысы Татьяна Молчанмен кездесіп, өңіраралық ынтымақтастық пен тұрақты даму бағыттарын талқылады.

«Қызылорда облысының делегациясын жылы қабылдағандарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапарымыз экономикалық сипатқа ие болып, Женева мен Берн қалаларында ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған. Шілде айында Қызылордада өткен алғашқы Урбан-форумда UN-Habitat ұйымымен ынтымақтастық декларациясына қол қойылған еді. Бұл оқиға тұрақты урбанизм мен халықаралық әріптестікті дамытудағы маңызды қадам болды», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сондай-ақ, облыс әкімі Женева кантонының Мемлекеттік кеңесшісі Тьерри Апотеломен кездесіп, Қызылорда облысының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырып, Швейцария тарапымен құрылыс индустриясы, ауыл шаруашылығы өнімдерін

өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, тау-кен және машина жасау, туризм салалары бойынша екіжақты ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

Женева кантоны Үкімет үйінде өткен кездесуде Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Құрметті қонақтар кітабына естелік жазбасын қалдырды. Өз жазбасында аймақ басшысы Женеваға ресми сапармен келу үлкен мәртебе екенін атап өтіп, бұл сапардың екі өңір арасындағы ынтымақтастықты дамытуға және өзара тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік беретінін жеткізді. Сондай-ақ, Қазақстан мен Швейцария арасындағы достық және өзара құрметке негізделген қатынастарды одан әрі нығайтуға сенім білдіріп, Женева тұрғындарына бейбіт өмір мен мол табыс тіледі.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ЕҢБЕК МЕРЕЙІ – ЕЛ ҚҰРМЕТІ



А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Еңбек мерейі – ел құрметі» тақырыбында мерекелік кеш өтті. Түрлі сала қызметкерлерін марапаттау салтанатына арналған шараға қала әкімі Нұржан Ахатов, қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаяев қатысты. Кеште шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы Мемлекет басшысының Қызылорда облысына жасаған жұмыс сапарындағы іс-шараларды ұйымдастыруға және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына белсенді атсалысқан азаматтарға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың алғысын жеткізді.

«Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өңірімізге жұмыс сапарымен келіп, ел игілігіне бағытталған ірі инвестициялық, инфрақұрылымдық және өндірістік жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты. Ел Президенті облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мәдени-рухани өрлеуінің мол мүмкіндігін ашқан қажырлы қызметіне, Сыр еліндегі байыпты бастамаларға жоғары бағасын берді. Облыстың жарқын болашағына сенім білдірді. Өз кезегінде аймақ басшысы да Қызылорда

облысының өсіп-өркендеуіне, халқымыздың әл-ауқатының артуына атсалысқан, ортақ іске жұмыла білген азаматтарды лайықты бағалайды. Бұл еңбекке деген мәртебелі құрмет.

Бүгінгі арнайы шарада Нұрлыбек Машбекұлы Сіздерге ыстық ықыласын арнап, облыстың ең жоғары марапаты – «Құрмет грамоталары» мен алғыс хаттарын табыстауды тапсырды», – деді Нұржан Сәбитұлы.

Салтанатты кеште түрлі салада еселі еңбек етіп жүрген, Мемлекет басшысының жұмыс сапарындағы іс-шаралардың жоғары деңгейде

өтуіне атсалысқан және республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасында белсенділік көрсеткен майталман мамандарды марапаттап, құрмет төріне шығарды. Дайындалған концерттік бағдарламада әннен шашу шашылып, көптің көңілі көтерілді. Айта кету керек, соңғы жылдары аймақ басшысының қолдауымен және тың бастамаларымен Сыр шаһары қарқынды дамыды. Қала бюджеті еселеп артып, халыққа ең қажетті әлеуметтік нысандар бой түзеді. Тұрғын үй кезегіндегі отбасылар баспана бақытына кенеліп, инфрақұрылымдық жобалар сәтті жүзеге асты.

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы бойынша Қызылорда - еліміздегі ең таза қалалардың көшін бастады. Дәстүрге берік, үлгісі озық қызылордалықтар жасампаз ісімен жарқын жолынан жаңылмайды.

«Ел тілегі» ақпарат



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУҒА МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде егін жинау науқанының қорытындысы, спорт инфрақұрылымын дамыту және бұқаралық спортты қолдау мәселелері талқыланды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жанаинов селекторлық режим арқылы қатысып, баяндама жасады. Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелерге орай бағыт-бағдар белгіленіп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«Қазіргі таңда егін жинау жұмыстары толығымен аяқталды. Ендігі кезекте сүдігер айдау және күздік бидай егуі мерзімінде бітіру қажет. Келесі маңызды мәселенің бірі – жер үлескерлерінің мәселесі. Егін жиналған соң жыл сайын ірі шаруашылықтар мен жер үлескерлері арасында наразылық орын алады. Мәселенің маңызын ескеріп, шаруашылық басшыларымен, жергілікті тұрғындармен кездесіп, жан-жақты талқылап, заңнамаға сәйкес шешілуін қамтамасыз ету қажет. Қала, аудан әкімдері шаруашылық басшыларының халық алдында есеп беруін қатаң қадағалаңыздар! Халықтың спортпен шұғылданыуы үшін барлық жағдай жасалуы тиіс. Заманауи үлгідегі спорт инфрақұрылымын дамыту, санын арттыру, халыққа қолжетімді болуы үшін ауқымды жұмыс жүргізілуде. Бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасуы қажет.

Салалардағы тағы бір өзекті мәселе – спорт нұсқаушыларының жетіспеушілігі. Бұл өте маңызды, сондықтан жұмысты жүйелі ұйымдастыру қажет. Дені сау, белсенді әрі табысты қоғам қалыптастыру үшін балалардың, жастардың спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануын басты мақсат етіп қоюымыз қажет», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Аймақта спорт саласын дамытуда ауқымды жобалар қолға алынды. Быыл дене шынықтыру мен спортты дамытуға жергілікті бюджеттен 38 млрд. 213 млн. теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда аймағымызда 340 мыңнан астам тұрғын спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Бұл - өңір халқының 40,4 пайызы. Соңғы 3 жылда 20 спорт кешені пайдалануға берілді. Быыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 6 спорт кешені ел игілігіне табысталады.

Тараптар сотта өзара келісімге келді

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап қоюшы жеке кәсіпкер «Н» жауапкер «К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 6 489 389 теңге қарыз өндіру туралы талап қоюмен жүгінген. Тараптарға дауды татуластыру рәсімдерімен, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама толтыру тәртібімен реттеу жөніндегі құқықтары түсіндірілген. Нәтижесінде, тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келген.

Азаматтық іс бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіліп, төленген мемлекеттік баж талап қоюшыға қайтарылып, азаматтық іс жүргізу өндірістен тоқтатылды.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Қарыз өндіру туралы дау медиация тәртібімен реттелді

Байқоңыр қалалық сотына талап қоюшы Б. жауапкер К.-ден 300 000 мың теңге қарыз сомасын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген. Тараптарға дауды татуластыру рәсімдерінің көмегімен аяқтау туралы құқықтары түсіндіріліп, нәтижесінде тараптар өзара бітімге келіп, сотқа дейінгі хаттама жасау жолымен медиациялық келісімге келген. Келісімнің шарттарына сәйкес, жауапкер К. талап қоюшы Б.-ның пайдасына қарыз сомасын 2026 жылдың сәуір айына дейін толық төлеуге міндеттелді.

Сот ұйғарымымен тараптар арасындағы медиациялық келісім бекітіліп, іс жүргізу тоқтатылды.

Байқоңыр қалалық соты

РИМДЕ 29 МЕТРЛІК МҰНАРА ҚҰЛАДЫ

Италияның Рим қаласында биіктігі 29 метрлік Torre dei Conti мұнарасы құлады. Қиранды астында қалған құтқарушы 12 сағаттан кейін шығарылды. Ол дереу ауруханаға жеткізілген. Тағы бір румыниялық жұмысшы ауыр жараланған. Үш адамның құтқарылғаны, олардың біреуінің жағдайы өте ауыр екені айтылды. Мұнараға көп жылдан бері кіруге тыйым салынған, онда реставрация жұмыстары жүргізіліп жатқан.

КЕНИЯДА КӨШКІННЕН 21 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

Кенияның батысында толассыз нөсер соңы лай көшкініне ұласып, 21 адам опат болды. Тағы 30 тұрғын із-түссіз жоғалып кетті. Биік жотадан аққан лай-батпақ бір елді мекенді түгел шайып кеткен. Ауыр жарақат алған 25 адам ауруханаға тікұшақпен жеткізілді. Баспаналары қирап, жапа шеккен тұрғындар қауіпсіз жерге көшірілді. Апат ауданында іздеу-құтқару жұмысы жүріп жатыр.



АЗАМАТТАРҒА АЛҒЫС АЙТТЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, қала әкімі Нұржан Ахатов, зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысты.

Данияр Еренғалиұлы Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясына белсенді атсалысқан. Мемлекет басшысының жұмыс сапарын жоғары деңгейде ұйымдастыруға үлес қосқан азаматтарға алғысын білдірді.

«Өздеріңізге белгілі өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында аймақтағы жана әлеуметтік, инфрақұрылымдық, өндірістік нысандарда болды. Бірқатар ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысымен танысып, облыс жұртшылығымен кездесті.

Атқарылған істерге «Облыс жақсы дамып келе жатыр. Қарқыны жоғары» деп оң баға берді. Бұл – Мемлекет басшысының биік сенімін ақтап, халыққа адал қызмет жасаудың, елдік мұрат жолында білімі мен білігін жұмсаудың, ел үшін аянбай еңбек етудің үлгісін танытқан, барша жерлестерімізді береке-бірлікке ұйытқан аймақ басшысының қыруар жұмысты ұтымды ұйымдастыруының нәтижесі.

Мемлекет басшысының жұмыс сапарын жоғары деңгейде ұйымдастыруға қосқан елеулі үлестеріңіз үшін Сіздерге Нұрлыбек Машбекұлының риясыз алғысын жеткіземін.

Алдағы уақытта да Қызылорда облысының өсіп-өркендеуіне, халқымыздың әл-ауқатының артуына аянбай еңбек ете берейсіздер! Егемен еліміздің жарқын болашағы жолындағы қызметтеріңізге биік абырой, Өздеріңізге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!», – деді Д.Жаналинов.

Жиында бірқатар қызметкерлер облыстың Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қызылорда облысының құрметті азаматы Шакизат Төребаев құттықтау сөз сөйлеп, марапат иелеріне ізгі тілектерін жеткізді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

МӘЖІЛІСТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда егін жинау науқанының қорытындысы мен спорттық инфрақұрылымды дамыту және бұқаралық спортты қолдау барысы қаралды. Жиында көтерілген мәселелер бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов алдағы міндеттерді пысықтады. Биыл Қызылорда қаласында 8 мыңнан астам гектар жерге ауылшаруашылығы дақылдары орналастырылды. Негізгі дақыл - күріш 3 мың 354 гектарға егілді. Қиыншылықтарға қарамастан егінге аяқ су толық көлемді берілді. Қазіргі таңда жиын-терім

талаптарға сай жүргізіліп, егін ысырапсыз жиналып алынды.

- Келер жылдан бастап шаруашылықтар суды аз қажет ететін дақылдарды егуге көшуі керек. Осыған сәйкес, қала аумағында орналасқан шаруашылық құрылымдарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет,- деді қала әкімі Нұржан Сәбитұлы.

Сырдың бас шаһарында бұқаралық спортпен шұғылданушылар саны жылдан жылға артып келеді. Аймақ басшысының қолдауымен спорт нысандары ашылып, тұрғындарға қажетті жағдайлар жасалуда.

- Ендігі кезекте спорт нұсқаушыларының жұмысын

жүйелеу қажет. Бұл өте маңызды. Мемлекеттің негізгі капиталы – адам, сондықтан дені сау ұлт тәрбиелеп, халықтың салауатты өмір салтын ұстануы басты назарда болуы керек,- деді шаһар басшысы.

Жиында күн тәртібінен тыс бірқатар өзекті мәселе талқыланды. Қала әкімі жауапты сала басшыларына санитарлық тазалық шараларын күнделікті ұйымдастыруды, жылу беру маусымында апаттық жағдайлардың алдын алуды, күннің суытуына байланысты барлық қажетті шараларды үйлестіруді тапсырды.

«Ел тілегі» ақпарат

33546 АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Жыл басынан бері облыс бойынша 88 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілген. Нәтижесінде, 1 038 адам тұрақты, 1 008 адам уақытша жұмысқа орналасқан. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева айтты.

– Биыл «2025 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту жол картасы» шеңберінде 46 560 жұмыс орнын құру жоспарланса, бүгінгі күнге 33 546 адам жұмыспен қамтылды. 4 123 отбасына атаулы әлеуметтік көмек және отбасыларындағы бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі 6 622 балаға қосымша төлем төленді. Әлеуметтік келісімшарт негізінде көмек алушылардың қатарындағы еңбекке жарамды жастағы 364 адам жұмыспен қамтудың

белсенді шараларымен қамтылды. Сондай-ақ, аз қамтылған отбасыларға коммуналдық қызмет шығындарын өтеу үшін тұрғын үй көмегін көрсетуге бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, есепті кезеңге 783 отбасына 53,9 млн теңгеге тұрғын үй көмегі төленді. Жергілікті атқарушы органдардың шешімдері бойынша жекелеген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 8 733 адамға әлеуметтік төлем төленді. Бюджеттен тыс көздерден көмекке мұқтаж халықтың әлжуаз топтарынан шыққан 10 835 адамға қайырымдылық көмек көрсетілді. Айта кету керек, облыс бойынша 34 768 мүгедектігі бар адамдар тіркелген. Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 28 578 адам техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етілді,- деді Жанар Жұмабекқызы.

«Ел тілегі» ақпарат

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қазақстанның барлық ірі қалаларында «Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң көмегін көрсету. Аталған акция Қызылорда қаласында 3 аумақта, атап айтқанда А. Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қызылжарма, Қарауылтөбе ауылдық округтерінің мәдениет үйлерінде өтті.

Іс-шараға құқық қорғау және мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті атқарушы, сонымен

қатар, жеке нотариустар, сот орындаушылар, заңгерлер мен адвокаттардан құралған 50-тан астам кеңесші маман қатысты. Акция ҚР Үкіметінің қолдауымен өткізілді. Шара барысында мамандар 150-ге жуық азаматқа кеңес берді.

Сарапшылар неке-отбасы, мұрагерлік, тұрғын үй, еңбек, азаматтық құқық, сот шешімдерін орындау, денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу, несие, жол құрылыстары, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық және тағы басқа салаларға қатысты көптеген сұрақтарға жауап берді.



ҚЫЗЫЛОРДА ҚЫС МАУСЫМЫНА ДАЙЫН



Қызылорда қаласында қысқы маусымға дайындық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қала әкімі Нұржан Ахатов «Қызылорда тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, мекеменің қысқы кезеңге әзірлігін көрді. Қыс айларында қала көшелерінің тазалығын қамтамасыз ету – тұрғындардың қауіпсіз қозғалысының кепілі. Осы бағытта «Қызылорда тазалығы» мекемесі қысқы маусымға жан-жақты дайындық

жүргізген. Бүгінде қар тазалау, көктайғаққа қарсы қоспа себу, көшелерді тазарту және жол бойындағы қалдықтарды шығару жұмыстарын атқаратын заманауи 60-қа жуық арнайы техника толықтай тексеруден өтті. Өзге де техникалар қысқы режимге бейімделіп, қажетті жанар-жағармай және қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілді.

Қала көшелерін мұз басу мен көктайғақтан қорғауға 2 500 тоннаға жуық құм мен

тұз араласқан арнайы қоспа дайындалды. Сонымен қатар, қыс мезгілінде үздіксіз қызмет атқаратын 100-ге жуық қызметкер әр учаскеге бөлініп, кезекшілік кестесіне сәйкес жұмыс істейтін болады.

Қала әкімі Нұржан Ахатов мекеменің дайындығын көріп, жауапты сала жетекшілеріне қысқы маусымға жұмысты ұйымдастыруда тәртіп пен жауапкершілікті арттыруды тапсырды.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ҚАУІП

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік кәсірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, елдің халықаралық беделіне келетекті түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні анық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында

жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен паралудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауда да парақорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде.

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашаданғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының

талаптарын орындау мақсатында Жалағаш ауданы әкімдігінің «Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша, құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын кесу үшін мамандар арасында заңсыз әрекеттерін болдырмау мақсатында жұмыстар жүргізіліп отырады. Жалағаш ауданы әкімдігінің «Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде жыл басынан бастап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқытулар, семинар сабақтары ұйымдастырылып өткізілуде. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (facebook, Instagram) мақалалар үнемі жарияланады.

Мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көленкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы «Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ

ЖОБА

Жалағаш ауданы бойынша 2025 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетутарифтерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жалағаш ауданы бойынша 2025 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Жалағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АКИМАТ ЖАЛАҒАШСКОГО РАЙОНА

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

ПРОЕКТ

Об утверждении тарифов на оказание специальныхсоциальных услуг по Жалагашскому району на 2025 год

В соответствии с Социальным кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Заместителя Премьер-Министра – Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 30 июня 2023 года № 281 «Об утверждении правил и методики формирования тарифов на специальные социальные услуги» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №32987) акимат Жалагашского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить тарифы на оказание специальных социальных услуг по Жалагашскому району на 2025 год, согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Коммунальному государственному учреждению «Жалагашский районный отдел занятости и социальных программ» принять соответствующие меры, вытекающие из настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жалагашского района.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким Жалагашского района

А.Ибраимов

Приложение к постановлению акимата Жалагашского района от « » 2025 года №

Тарифы на оказание специальных социальных услуг по Жалагашскому району на 2025 год

№	Типы учреждений	Тариф на одного услугополучателя в день (в тенге)
1	В условиях полустационара (для лиц в возрасте до 18 лет)	7912,1
2	В условиях оказания услуг на дому	3532,1

АИТВ ЖҰҒУДАН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

АИТВ жұқпасы немесе ЖИТС синдромы туралы талай айтылып, жазылып жүр. Соған қарамастан осы сықатқа шалдықандардың қатары көбейе түскен. Не себепті? Мамандардың пікірінше, мұндай ақпаратқа көпшілік: «маған қатысы жоқ» деген көзқараспен қарайды екен. Осындай немқұрайлылық аурудың таралуына бірден-бір себеп болып отыр. Біз әлі күнге «АИТВ жұқпасы есірткіқұмарлар мен жезөкшелерде ғана болады» деген жаңсақ ойдан арыла алмай келеміз. Статистикаға көз жүгіртсек, керісінше, осы топтағы адамдарда АИТВ жұқпасы күн тараламаған. Өйткені, есірткі құмарлар, жезөкшелер дерттен сақтанудың жолын жақсы меңгерген. Ал, басқалар қарапайым сақтанудың жолын да есіне ала бермейді. Сондықтан әр адам өзін, жақын адамдарын ғасыр індетінен қорғағысы келсе, АИТВ туралы біле жүргені артық болмайды. Сонымен дерттен сақтанудың жолы қандай? Бірінші, өзіңізге жете таныс емес, кездейсоқ біреумен жыныстық қатынас жасаудан аулақ болыңыз. Біреудің қолданған шприцін, қырынуға арналған заттарын қолданбаңыз. Тагуировка, пирсинг, маникюр, педикюр жасаған кезде инелердің запыласыздандырылуына айрықша мән беріңіз.

Тіс емдетуге барған кезде де құрал-саймандардың тазалығын қадағалауды ұмытпаңыз.

АИТВ жұқпасы: жәндіктер шаққанда, қол алысып құшақтасқанда, монша, ванна, бассейн, дәретхананы бірге қолданғанда, төсек-орын, ыдыс-аяқ сынды тұрмыстық заттарды бірге пайдаланғанда және түшкіріп жөтелгенде жұқпайды. Осы аурудан сақтанып, ақыл-кеңес алғысы келген адамдарға «АИТВ инфекциясының алдын алу және оған қарсы күрес орталығының» дәрігерлері қол ұшын беруге әрдайым әзір. Бұл орталықта Достық кабинеті, Сенім бекеті, Психо-әлеуметтік кеңес беру және жасырын тәстілеу кабинеті мен заманауи құрылғылар мен жабдықталған зертхана жұмыс істейді. Мұнда әрбір адам ерікті, міндетті немесе жасырын түрде АИТВ жұқпасын анықтауға қан тапсырып өз статусын анықтауға жағдай жасалған.

Қорыға айтқанда, әдепті өмір сүріп, отбасы бірлігі берік болса, арақ шарап ішіп, наша тартудан, кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі ЖИТС-тен қорғай алады.

А.МОЛДАБЕКОВА,
АИТВ инфекциясының алдын алу
облыстық орталықтың
Шиелі ауданындағы филиалының
инфекционист дәрігері

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК

САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН

ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтылған жұмыс істейтін халықтың мүддесін қорғау мақсатында, мынадай әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайларда: енбекке қабілеттілігінен айырылу; асыраушысынан айырылу; жұмысынан айырылу; жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу; бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына әлеуметтік төлемдер төлеу көзделген.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (Қор) төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері әр адамға жеке есептеледі және Қорға төленген әлеуметтік аударымдардың уақтылығы мен толықтығына тікелей байланысты болады. Айта кету керек, әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты қызметкердің жалақысынан ұсталады, ол жұмыс берушілердің және (немесе) жеке кәсіпкерлердің қаражаты есебінен төленеді.

Осыған байланысты, біз жүйенің қатысушыларына Қорға нақты түскен әлеуметтік аударымдарды тексеріп отыруды ұсынамыз. Мұны egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы (Басты бет/жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту/ міндетті әлеуметтік сақтандырудың әлеуметтік аударымдары туралы ақпарат) немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшаларында, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (Мемлекеттік корпорация) бөлімшелеріне немесе Қордың филиалына жеке басыру кезеңдерін құжатпен жүгіне отырып тексеруге болады.

Бүгінгі таңда цифрлық қызметтердің дамуымен әлеуметтік төлемдерді рәсімдеу оңайырақ болып отыр. Қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін дәстүрлі түрде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері арқылы да, үйден шықпай-ақ электронды түрде де жүгінуге болады.

Көбіне әлеуметтік төлемдер проактивті түрде тағайындалады: егер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде барлық қажетті мәліметтер болса, жүйеге қатысушыға «1414» Бірыңғай байланыс орталығынан төлем алу құқығын іске асыру туралы смс-хабарлама келеді. Осы смс-хабарламаға келісім алған жағдайда төлем проактивті түрде тағайындалады.

Сонымен қатар, әлеуметтік төлемдерді келесі әдістердің бірімен:

- енбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша: жалпы енбекке қабілеттілігінен айырылу (ЖЕА) дәрежесін бастапқы белгілеу кезінде-

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 қарашадағы № 3009 қаулысы

«Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 2786 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 2786 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған қажетті шараларды қолданыс.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда № 3009 от 4 ноября 2025 года

О признании утраченным силу постановления акимата города Кызылорда № 2786 от 30 сентября 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд»

В соответствии со статьей 37 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утраченным силу постановление акимата города Кызылорда № 2786 от 30 сентября 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд».

2. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда принять необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 3 қарашадағы № 3007 қаулысы

«Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 103 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 103 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағының қосымшасындағы реттік нөмірі 6-қатарындағы «Дуйсенов Аралбай» деген сөздер «Дуйсенов Руслан Аралбаевич, Дуйсенова Гульмира Аралбаевна» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 29 қантар болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Кызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов



ҚОР МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІН ЕНГІЗЕДІ

Мемлекет басшысы өз Жолдауында жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу үшін жаңа жүйе құру міндетін қойды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізуде. 2025 жылы медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі базасында «Мониторинг» модулі іске қосылды. Бұрын стационарлық және амбулаторлық көмек жеке-жеке бағаланса, жаңа жүйе пациенттің емханаға қаралуынан бастап стационарға жатқызылуына дейінгі медициналық көмек жолын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесінің бірінші кезеңінде 20-дан астам автоматты тексеру алгоритмі іске асырылды. Медициналық қызмет көрсетілгеннен кейін деректер жүйеге түсіп, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер мен қызмет көрсету стандарттарына сәйкестігі тексеріледі. Сәйкессіздіктер анықталса, жүйе ақауларды тіркеп, мәселелерді жедел анықтауға және жеткізушілер мен аймақтар бойынша аналитикалық есептер жасауға мүмкіндік береді. Модуль 2025 жылдың наурызында Ақмола облысындағы медициналық ұйымдарда пилоттық режимде іске қосылды. Оның нәтижесінде оң динамика байқалды: ақаулар азайып, стандарттардың бұзылуы төмендеді. Бұл жүйенің медициналық қызмет көрсетушілер тарапынан талаптардың орындалуына ықпал етіп отырғанын көрсетеді.

Сонымен бірге жаңа платформа енгізілгені медициналық ұйымдар тарапынан сұрақтар мен пікірлер айтылды. Атап айтар болсақ,

дефектілерді автоматты түрде тіркеу, алгоритмдердің логикасының ашықтығы және қарсылық білдіру тәртібі жиі көтерілді. Қор бұл бағытта кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді: өңірлерде медициналық қауымдастық өкілдерімен жүзден астам кездесу мен оқыту сессиялары ұйымдастырылды, түскен ұсыныстарды ескере отырып, дефектілерді қолдану тәсілдері жаңартылды, жүйе пайдаланушыларына арналған оқыту іс-шаралары жүргізілуде.

Жаңа жүйенің ерекшеліктерінің бірі — келіспеушіліктерді автоматты түрде енгізу және қарау тәртібі. Ақау тіркелгеннен кейін медициналық ұйым жүйе арқылы қарсылық білдіріп, дәлелдемелер мен растайтын құжаттарды қоса алады. Олар аймақтарға бөлінбей, көрсетілген қызмет профиліне сәйкес Қор сарапшыларына автоматты түрде беріледі, бұл мониторингтің объективтілігін арттырады. Бұдан бөлек, қажет болған жағдайда шағымды екінші рет қарау механизмі қарастырылған: оны басқа сарапшы қарайды, яғни медициналық ұйым келіспеген жағдайда әртүрлі мамандар жігі тексереді. Олардың пікірлері бір-біріне көрінбейді, бұл екі жерден дәлелдеме алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алгоритмдерді жетілдірумен қатар медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесінің пайдаланушы интерфейсін жақсарту, функционалдың жұмысын жеделдету және медициналық ұйымдар үшін ыңғайлылығын арттыру жұмыстары жүргізілуде. Қор мамандары жүйенің IT-әзірлеушілерімен бірге ақауларды тіркеу логикасын ашық әрі түсінікті ету, қарсылықтарды өңдеуді жеделдету және шағымдарды тапсыруды жеңілдету бағытында

жетілдірулерді енгізуде.

Қор мониторинг нәтижелерін жүйелі түрде талдап, нормативтік немесе ұйымдастырушылық қайта қарауды талап ететін сұрақтарды уәкілетті органға жібереді. Мұндай ведомствоаралық диалог анықталған қайшылықтарды жоюға және медициналық қызмет көрсету мен есепке алудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеуге қажет.

Президенттің тапсырмасына сәйкес мониторинг жүйесіне жасанды интеллект технологиялары енгізілмек. Бұл 2025 жылдың соңына дейін жүзеге асырылады.

ЖИ қолдану күрделі сәйкессіздіктерді анықтаудың дәлдігін арттырып, аналитикалық процестерді жеделдетіп, тәуекелдерді болжауды жақсартып, ресурстарды тиімді бөлуді қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі мен «Мониторинг» модулін жүйелі түрде жаңартудың нәтижесінде Қор келесі мүмкіндіктерге қол жеткізуді көздейді: пациенттің маршруты бойынша көрсетілген көмектің сапасын объективті әрі ашық бағалау; жедел кері байланыс пен қызмет көрсетушілерді оқыту нәтижесінде стандарт бұзушылықтарының санының төмендеуі; бюджеттік шығыстардың тиімділігін көрсетілген қызметтердің көлемін жіті бақылау арқылы арттыру; сондай-ақ бірыңғай ережелер мен дұрыс деректер негізінде медициналық ұйымдар мен сақтандыру жүйесі арасындағы сенімділікті нығайту.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша



ҰЛЫ АБАЙ ЖАЙЫНДА ҚЫЗЫҚТЫ 10 ДЕРЕК

1. 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Семей қаласынан 180 шақырым қашықтықтағы Жидебай қыстағында дүниеге келген. 59 жыл ғана ғұмыр кешкен ақын Шыңғыстауға жақын Жидебайдың маңындағы өз қыстағына таяу тұсқа жерленген.

2. Абай тобықты тусуын. Әкесі — Құнанбай Өскенбайұлы өз заманының өте беделді, қоғамдық, саяси қайраткер адамы болған. Аға сұлтан дәрежесінде қызмет атқарған. Ол қажылыққа барып, Меккеде қазақ елінен қажылыққа барғандарға арнап, қонақүй салдырған. Сөйтіп, қонақүй XX ғасырдың ортасына дейін сақталып, кейіннен Меккедегі мешітті кеңейту үшін, сатып алынады. Қарқаралыдағы әлі күнге дейін Құнанбай салдыртқан мешіт қолданыста.

3. Ибраһим — Абайдың шын есімі. «Абай» деп әжесі еркелеткен. Анасының есімі - Ұлжан. Ұлжан — Құнанбайдың екінші әйелі.

4. Ақындық жолға ол 10 жасында түсе бастайды. Ең алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялаған. Бір деректерде Абай Көкбайдан өз өлеңін бір қараға сатып алғаны айтылады.

5. Абай көзі тірісінде 176-ға жуық өлең жазған. Ең танымалы — «Қара сөздер». 45 қара сөзден құралған бұл шығарманы ақын тоғыз жыл бойы жазған. Шығарма ең алғаш 1918 жылы, өзі өмірден өткен соң 14 жылдан кейін «Абай» журналында жарық көрді. Абай шығармалары әлемнің 60 тіліне аударылған.

6. Хәкімнің ақын, жазушылықтан бөлек, композиторлық қабілеті де болған. Ол 20-ға жуық ән шығарған. Соның бірегейі — «Көзімнің қарасы».

7. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын 20 жылға жуық бойы жазған. Сондай-ақ бұл роман Лениндік сыйлыққа ие болып, бүкіл әлемге таралды.

8. Абай шығармашылығында бітпей қалған поэма «Әзім әңгімесі». Бұл поэманың сюжеті «Мың бір түн» оқиғасынан алынып, қартан екі рет алданып қалған Әзім туралы таңғажайып оқиғалар туралы баяндалады.

9. Абайдың алғашқы

махаббаты — Тоғжан. Бірінші жары Ділдәға 1860 жылы 15 жасында, екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген. Абайдың бірінші әйелі Ділдә, әйгілі Қазыбек бидің шөбересі болып келеді. Әмеңгерлік жолмен алған әйелінің есімі — Еркежан. Ол Абайдың інісі — Оспанның қалыңдығы.

10. Абай 16 жасында әке атанады. Оның тұңғышы — Ақылбай. Ол баланың әкесі атанған Абай алғашқы немересін қолына 36 жасында алады. Оның аты — Әубәкір;

Бәйбішесі Ділдәдан — Ақылбай, Әбдірахман, Құлбадан, қонақүй XX ғасырдың ортасына дейін сақталып, кейіннен Меккедегі мешітті кеңейту үшін, сатып алынады. Қарқаралыдағы әлі күнге дейін Құнанбай салдыртқан мешіт қолданыста.

11. Абай болыстық қызмет атқарған. Занды жетік білген. Ел басқару ісіне 13 жасында араласып, 21 жасында болыс болып сайланады.

12. Абай: «Атадан алтау, анадан төртеу едім». Құнанбай қажының 4 әйелі болған. Бәйбішесі Күнкеден — Қудайберді. Ұлжаннан — Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим, Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі Айғыздан — Халиулла, Ысмағұл туады. Төртіншісі — Нұрғаным. Одан ұрпақ жоқ.

13. 1885 жылы Абай бастаған комиссия үш күн, үш түн 93 баптан тұратын «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» жазып шығады. Ақынның абыройын асқақтатқан да осы «Қарамола сөзі» еді.

14. «Қарамола съезінен» кейін Абайдың дұшпандары тіпті еліре бастайды. Бұл әрекеттері 1890 жылы асқынып барып, ақынға қастық қылмаққа ұласады. Дұшпандық әрекеттің басында Байғұлақ, Құнту атты жуандар мен 16 атқа мінер тұрған еді.

15. Ахмет Байтұрсынұлы ең алғашқы — Абайтанушы. Ол 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Қазақтың бас ақыны» мақаласын Абайға арнап жариялап, «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деген болатын.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазіргі заманғы өндірісте қауіпсіздік мәселесі — басты приоритеттердің бірі болып саналады. Өндірістік кәсіпорындарда жұмыс істейтін қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаға зиян келтірмеу және өндірістің тиімділігін қамтамасыз ету — өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі міндеттері. Әсіресе химия, мұнай-газ, металлургия және энергетика саласында әрбір өндірістік процесс қауіпті факторларға толы. Сол себепті өнеркәсіптік қауіпсіздік шараларын жүйелі түрде қолдану — тұрақты, сенімді және тиімді өндірісті қамтамасыз етудің басты кепілі болып табылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік ұғымы - Өнеркәсіптік қауіпсіздік — қызметкерлердің өмірін, денсаулығын және өндіріс объектілерін қорғауға бағытталған кешенді шаралар жүйесі. - Бұл жүйе апаттардан, өрттерден, жарылыстардан, улы газдардың таралуынан және басқа да қауіпті жағдайлардан алдын алуға бағытталған.

- Өнеркәсіптік қауіпсіздік тек техникалық құралдармен шектелмей, қызметкерлердің білім деңгейі мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруды да қамтиды.

Қауіп факторлары: Қоршаған ортаға әсерді азайту - Өндірістік апаттар экологияға үлкен зиян тигізуі мүмкін.

- Апаттық резервуарлар, төгілуге қарсы жүйелер, қалдықтарды өңдеу және қайта пайдалану міндетті.

- Өндірісті жобалау кезінде экологиялық факторларды ескеру қажет.

Құқықтық негіздер

- Қазақстан Республикасының «Еңбек қауіпсіздігі және өндірістік санитария» заңына сәйкес барлық кәсіпорындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау міндетті.

- Жұмыс берушілер қызметкерлерді қауіпсіздік техникасы бойынша оқытуды, бақылауды және алдын алу шараларын ұйымдастыруға жауапты.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары

- Техникалық бақылау: жабдықтарды, құбырларды, резервуарларды үнемі тексеру; датчиктер мен сигнализацияларды қолдану.

- Қауіпсіздік стандарттары: ISO, ГОСТ және ұлттық стандарттарға сәйкес жұмыс жүргізу.

- Қызметкерлерді оқыту: апаттық жағдайларда әрекет ету, эвакуация жоспары, алғашқы медициналық көмек көрсету.

- Қауіпсіздік техникасы: жеке қорғау құралдары, өрт сөндіру құрылғылары, дабыл жүйелері.

Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру

- Әрбір қызметкер қауіпсіздік шараларына

жауапты екенін түсінуі тиіс.

- Қауіпсіздік мәдениеті тек техникалық шаралармен шектелмей, қызметкерлердің дағдылары мен жауапкершілігін де қамтиды.

- Өндіріс процесінде үздіксіз бақылау, талдау және кері байланыс жүйесін енгізу маңызды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету — өндірістің тұрақтылығы мен қызметкерлердің өмірін сақтаудың басты кепілі. Қауіп факторларын алдын алу, техникалық бақылау жүргізу, қызметкерлерді оқыту және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру — негізгі шаралар болып табылады. Заманауи өндіріс тек тиімділік пен өнімділікпен шектелмей, қауіпсіздік пен экологиялық жауапкершілікті де талап етеді. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жоғары деңгейі — өндірістің сенімділігі мен қоғамның сенімінің кепілі болып саналады.

Технологиялық құрал-жабдықтарды, құбырларды, химиялық қондырғыларды қолдану кезінде әрбір қызметкер қауіпсіздік шараларын сақтау керек. Бұл тек жеке жауапкершілік емес, сонымен қатар бүкіл өндірістің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыратын маңызды элемент болып табылады.

С. БИМАНОВ,
Қызылорда облысының
ТЖД ОҚБ бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қармақты ауданы «ІІІ-Интернационал жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы органы 10 желтоқсан 2025 жылы сағат 09-00 минутта ІІІ-Интернационал ауылы орталық мәдениет үйінде өтетін «ІІІ-Интернационал жер» ЖШС-нің құрылтайшыларының жалпы жиналысына шақырамыз.

Күн тәртібінде:

1.Құрылтайшылардың өтініштеріне байланысты жер учаскелерін бөліп беру.

2.Егістік жер учаскелерін тиімді пайдалану үшін өзара ауыстыру.

3.Күн тәртібінде қаралып хаттамаланған шешімдерді жергілікті атқарушы органдарға қаулы қабылдау үшін ұсыну және қабылданған акті бойынша өзге де тіркету жұмыстары бойынша өкілеттіктер беру.

«ІІІ-Интернационал жер» ЖШС-нің атқарушы органы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына,Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығынажәне Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)27-42-42 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақышбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPU00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынөв көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №241
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https:// ret-gazeta.kz/